



Адаева Ермек
Назарбаев Университеті
Department of Kazakh Language and Literature
School of Humanities and Social Sciences

МӘТІН ТАЛДАУДАҒЫ
КӨРКЕМ
КОММУНИКАЦИЯ

“

*«Бүгінгі Қазақстан
үшін дүниеге
тәуелсіздік көзімен
қарайтын әдебиет
керек» (Нұрсұлтан
Назарбаев)*



Қазіргі қазақ әдебиетінен берілетін білім мазмұнын анықтау және оқыту әдістемесі бойынша алда тұрған екі міндет бар:



1

- ◆ қазақ әдебиетінің 1991 жылдан бергі дүниеге келген озық идеялық және эстетикалық құндылығы мен тілдік-танымдық қуаты зор көркем туындыларын сұрыптау;

2

- ◆ тәуелсіздік мазмұнындағы қазақ әдебиетін меңгерту арқылы көркем әдеби талдаудың жаңа ұғымдық аппараттарын қалыптастыру

Қазақстанның ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану



студенттердің саналы азаматтық тұлғасы мен эстетикалық талғамын қалыптастырып дамыту

Бүгінгі студент мәселесі...



жасау...




ЖАҢА КӨРКЕМ
КЕҢІСТІК


МАЗМҰНЫ



1. Көркем коммуникация
2. Коммуникацияның жүзеге асуы
3. Мультимедиялық технологияларды пайдалану
4. М. Мағауиннің «Қасқыр-Бөрі» әңгімесіне негізделген сабақтың мысалы



КӨРКЕМ КОММУНИКАЦИЯ



“Көркем коммуникация – көркем мәтінді негізге ала отырып бағалау, идеялар, әсерлермен бөлісу бойынша оқырман мен автор арасындағы диалог”

(Ю.Б.Борев, Б.П.Гончаров, В.Несторов, Т.Н.Радионова, М.П.Сафетская, О.Фукаси, С.А.Чаковский, Е.А.Шамокова және басқалар)

ДИАЛОГТЫЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ



М. БАХТИННІҢ ДИАЛОГИЗМІ

- ◆ мағыналардың диалогы;
- ◆ сана мен тұлғаның диалогы;
- ◆ хронотопты диалог;
- ◆ жанрлар диалогы;
- ◆ стильдер диалогы т.б.

ОҚЫРМАНҒА МҮМКІНДІК:

- ✓ диалогтар туындының проблемалық-тақырыптық қабатын тереңірек түсінуге;
- ✓ кейіпкерлердің психологиялық жағдайына сипаттама беруге;
- ✓ әлеуметтік-тарихи контексті пайымдауға мүмкіндік береді.



КОММУНИКАЦИЯ ҚАЛАЙ
ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?



1. Көркем коммуникация көркем мәтін жасаудың шығармашылық процесі мен оның аудиторияға әсер етуінен басталады



2. Бұл процесте мәтіндегі көркем мазмұн шифрланады, кодталады.



3. Реципиенттің мәтінді қабылдауы кезінде аталған мағына декодталады.



4. Бұл аспект автор бейнелеген тарихи шындықты, авторлық позицияны, көркем мәтін мағынасын, мәдени кодты, шығарманың көркем концепциясын түсінуді болжайды.



5. Көркем коммуникация шығарманың мағынасын ғана емес, оның құндылығын қабылдауды да қарастырады.

6. Құндылықтық-мағыналық қабылдауға негізделген коммуникацияны жүзеге асыру

ПЕРІНІҢ ҚЫЗЫ БЕКТОРЫ



- ◆ Пендеге айтпа өкпені,
- ◆ Перінің қызы Бекторы.
- ◆ Қайтесің мыстан-пиғылды,
- ◆ Тәңіріңе сиын көктегі.
- ◆ Сынықси күлмей сыр бүгіп,
- ◆ Көрсеттің несін сұм қылық
- ◆ Сорқұдық кімге сор мекен,
- ◆ Сорлы жер, сірә, шерге тең.
- ◆ Төстіктей ерді қай күні,
- ◆ Шыққыр да көзің көрді екен!

LINGUISTIC FACTORS

- ✓ Communication tools



EXTRALINGUISTIC FACTORS

- ✓ Knowledge
- ✓ Attitudes
- ✓ Goals of the communicators to understand the text




ПОЛИСУБЪЕКТИЛІК КӨРКЕМ КОММУНИКАЦИЯ



Коммуникация түрлері



**«Мен – көркем шындық
әлемі», «Мен – автор»,
«Мен - шығарма
кейіпкерлері», «Мен –
өзім үшін», «Мен-
басқалар үшін» т.б**



Мен - көркем шындық әлемі



Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі көрнекті жазушылардың бірі - Нұрғали Ораздың «Қайыршы жұлдызы» атты шығармасы мені түрлі ойға бөледі. Қазір де алаңдатып тұрған мәселе - ол біздің қоғамымыздағы өнердің, әсіресе ұлттық өнердің рөлі. Әңгімедегі басты кейіпкер арқасында әртістердің еңбек жолында қандай қиыншылықтарға тап бола алатынын көре аламыз. Ең басты және күрделі мәселелердің бірі – бөлінетін қаржы көлемі. Жалпы, әртістердің үкіметтен алатын айлықтары орташадан төмен екені рас. Әңгімені еске алатын болсақ, актерді қайыршылық жолына апарған қозғаушы күштердің бірі – ауырып жатқан қызына тон сатып алу екенін көреміз. Кім білер, мүмкін бас кейіпкер әртіс ретінде жұмыс істеу арқасында өз отбасына қамқор болатындай жеткілікті ақысын алып жүрсе, мұндай хәлге түспес еді. Алайда, мұндай жағдай үшін жауапкершілікті тек үкіметке артуға болмайды. Менің ойымша, бұл мәселені шешу үшін халық санасын да өзгерту қажет. Сіз соңғы рет театрға билет алып, қойылымға қашан барып едіңіз? Көбі мектеп кезінде сыныппен барғанбыз, не мүлде ешқашан болып көрген жоқпыз деп жауап береді. Ал қарапайым халық қызығушылық танытпаса, театрдағы спектакльдер кім үшін қойылады? Сұраныс ұсынысты тудырады дегендей, әртістердің жұмысы да адамдардың қызығушылығымен тығыз байланысты.

Қорыта келгенде, бұл шығарма мен бұрын-соңды қарастырып көрмеген тақырыптар жайлы ойпандыруға мәжбүр етті. Өнер дегеніміз – халық мұрасы. Ал оны сақтап, одан әрі дамытып, келешек ұрпаққа жеткізу – әркімнің жауапкершілігі.

Жалғасы...



«Қайыршының жұлдызы»



Заманауи атақты жазушылардың бірі - Нұрғали Ораз өзінің "Қайыршының жұлдызы" атты әңгімесінде сауықтыру орнында танысқан ер мен әйелдің қарым-қатынасын әңгімелей отырып, қазіргі қоғамдағы көптеген мәселелерді көтеріп, ащы шындықты көркем бейнелейді. Шығарманың басынан-ақ адамзат үшін ең қорқынышты бақытсыздық бейнесі суреттеледі. Оны жас шағында ақымақтыққа бой алдырып, ұзын шашты гитаристтің артынан еріп, соңында жалғызбасты ана атанған қыз тағдырынан, өмірде өзін таппаған жазушы оқиғасынан көре аламыз. Келесі көтілген мәселелердің бірі - уақытша сезімге бой алдырып, құштарлыққа берілу болып табылады. Емделу орталығына келген кейіпкерлердің тәніне емес, жанға ем іздеп келгендері байқалады. Әңгіме басында тіпті құшақтаса алмай жүрген кейіпкерлерді әңгіме соңында төсектен бір-ақ көргенде көз алдымызға шетелдік фильм бөліктері елестейді. Қаншама жалғыздықтан зардап шексе де, жаман әдеттерге бой алдырып, жеңілтектік мінез көрсеткен келіншектің әрекетін дұрыс деп санауға келмес. Туындыда ерте жастан тұрмыс құру, нашақорлыққа салыну және ажырасу сынды көптеген әлеуметтік мәселелер де анық байқалады. Сонымен қатар автор әңгімеде қазақ қоғамындағы өнер жағдайының мүшкіл халін көрсетеді. "Биік рухпен бір-ақ күн өмір сүресің" деген автор сөзінен өнер адамдарының жалақысының өте аз мөлшерін және осының елдегі қайыршылықтың бірден бір себебі болып отырғандығын көруге болады. Алайда елдегі экономикалық дағдарыс рухани дағдарыстың себебі болмауы керек деп есептеймін.

Мен және автор (Қабдеш Жұмаділов. «Тіленші» шығармасы негізінде)



Ассалаумағалейкум, Қабдеш аға! Мен сіздің «Тіленші» атты шығарманыңызбен танысып шықтым. Шығарма сәтті шықты деп айта аламын. Тәуелсіздік алғаннан кейін елде пайда болған өзекті мәселелердің бірі – қайыршылықты сипаттап, оқырмандарға осы мәселенің Алматы секілді ірі қалаларда өршіп кеткенін көрсеттіңіз. Айдарбек секілді кейіпкердің мысалында біз қайыршының өмірін көре алдық. Басты кейіпкерге түскен сәтсіздіктер мен оның қайыршы болуға мәжбүр еткен оқиғалар оқырманды кейіпкерге жанашыр болуға шақырады. Дегенменде, оқырман ретінде менің сізге айтар бірнеше ұсыныстарым бар. Біріншіден, менің ойымша шығарма қайыршы туралы болғандықтан, детальдарға назар аударған дұрыс болатын еді. Мысалы, Айдарбектің киген киімі, ақшаның тапшылығы, айналаның, яғни Алматының кедей аудандарын сипаттаған жөн болар еді. Менің ойымша, сіз Айдарбектің қиналып жүргенін, не ішіп және не жеп жүргенін толық жеткізбедіңіз. Себебі, осы суреттеулер арқылы оқырман Айдарбектің мүшкіл жағдайын толық елестеп қана қоймай, оған жаны шиды. Сонымен қатар, сіз шығармада Айдарбектің қызы мен ұлына жеткілікті назар бөлген жоксыз деп ойлаймын. Меніңше, ұлы немесе қызы әкесінің қандай жағдайға түскенін біліп, сосын оған моральдық тұрғыда көмек, демеу беруі шығарманы әсерлі қылады. Бұлар менің жеке ойым. Шығарма бұл ұсыныстарсыз-ақ сәтті шықты деп ойлаймын.

Мен және автор



- ❖ Маған осындай қиындығы мен жауапкершілігі мол өзекті тақырыпқа әңгіме жазу бақыты бұйырса, келесідей жобалайтын едім:
- ❖ 1. Жазушы мен әйел қарым-қатынасы. Әңгіме өзегінің жұлдыз-жорамал екендігін білеміз (оқиға желісінің осының айналасына жинақталғанын да байқаймыз) және әйел образының негізгі функцияларының бірі – осы линияны дамыту (Экспозицияның және финалдың осымен байланысты екенін ұмытпаймыз). Мүмкін осы ойды басқа кейіпкерлер мен сценалар арқылы беруім мүмкін еді, алайда осы орайда Ораз кейіпкерлерінің атқаратын қызметтерін ұмытпауымыз керек, яғни жаңа кейіпкерлер де осы сынды функцияларды атқаруы керек.
- ❖ 2. Көркемдік құралдардың пайдаланылуы, портрет пен пейзаждың, диалогтардың ролін арттыра түсу, сол әдісті қоғам жағдайын суреттеуге жұмсар едім.

Автор және кейіпкер (Тіленші. Интервью.)

Интервью алушы: Арман, студент



1. Аты-жөніңіз кім болады, мамандығыңыз бойынша кім болып жұмыс істейсіз?



-Атым Айдарбек, тегім болса әйеліммен бірге молада ұмыт болған. Мамандық дегенде де, ондай айтарлықтай мамандығым жоқ, жай ғана өнер адамымын, гармонияда ойнаймын. Жас кезімде Семейдің музыкалық училищесін бітіріп, ел алдында өнер көрсетіп, Сеңгіртаудың серісі атандым. Кейін заман қиындап, Сеңгіртау жердің жайы кеткенде Алматыға табыс іздеп келдім. Бұнда да жұмыс табылмаған соң, ақыр соңы тіленші болдым. Әйткенде, тіленші өмірі қиын көрінгенмен, күнгі табыс жаман емес етінді. Қазір болса, Құдайдың тілеуімен ба, әлде бар қиналғанымның ақысы ма, әйтеуір жақсы жұмыс табылып, ұлттық ансамбльде ойнайтын болдым.



2. Өзіңіз сері де болып көрдіңіз, тіленші де болдыңыз, өмірдің бары мен азын да көрдіңіз. Сонымен айтқанда, өзіңізді қаншалықты бақытты деп санайсыз?



- Шынымды айтсам, ең бірінші әйелім кенеттен аурудан шалынып түскен кез өте қатты тиді, бір ұл, бір қызыммен жалғыз қалдым. Қайлай болса да, балам оқуға түсіп кетті, содан кейін қызымды да интернатқа түсіртіп жібердім. Сол екеуінің жайын жасаудың өзі мен үшін үлкен бақыт болды. Оған қоса ұлттық ансамбльге қосылып, ендігі балаларымнан ұялмай, тіленші өмірімді артта қалдырдым. Оңаша айтқанда өзімді бақытты адам деп санаймын.



3. Өнердің адам өмірінде алатын орнына, жалпы айтқанда өнердің өзіне қалай қарайсыз?

- Қазақта мақал бар, ақыл көпке жеткізеді, өнер ¹⁹ көпке жеткізед, осы сөздің астарын жас кезімде байқадым. Сеңгіртаудың серісі атанып, осы алуақта болған бір тойды менсіз өткізбегенді. Алайда,

Мен және Тана



Құрметті Тана!



Оғаш естілді ме? Жай ғана Тана десем бола ма? Тана Ұзақ екеуіңнің қал-жағдайларың қалай? Жеке тұрып үйреніп кеттіңдер ме? Жаппастың тамын жөндеп, үйді безендіріп қойған боларсыңдар. Тана, білесің бе, мен сені мақтан тұтамын, сенің шыдамдылығың мен парасаттылығың мені таңғалдырады. Енеңнің сүйектен өткен ауыр сөздері мен сүйген жарыңның еттен өткен аяусыз соққыларына төзе білген сен, Тана, енді бақытты болуға әбден лайықсың. Ұзақтың әлі сенің қасыңды жүруі мен отбасы шаңырағының шайқалмағандығы- барлығы сенің арқаңда. Ата-енең Ұзақ екеуіңнің көшкендеріңді қолдағанына, сенің қадіріңді кеш болса дағы түсінгеніне өте қуаныштымын. Сен өзіңнің инабаттылығыңмен, қайтпас мінезің мен төзімділігіңмен барша қазақ қыздарына үлгі болып, "ертеңгі күні бар мәселе шешіледі, қиындықтар аяқталады" деген үміт отын ұялатып, бір тамшы сенім сыйладың. Міне, сенің осы қайсарлығың үшін мың алғыс! Ертеңгі күні жақсы ана атанатыныңа менің ешбір күмәнім жоқ. Саған тек бақытты ғұмыр тілеймін.

Шығармашылық әдістер




Қазіргі әдеби үдерісті оқытуда студенттерге түрлі жобалармен қатар оқыту процесінде студенттердің креативтік қабілеттерін дамытуға арналған шығармашылық әдістер де қолданылады



Мультимедиялық технологиялар



Мультимедиялық технологияның бір тармағы Google Document, Thinglink және Kahoot, Playposit сияқты онлайн-бағдарламаларды, әлеуметтік желілерді де пайдаланамыз





Сабақ үлгісі



М.Мағауин. Қасқыр-Бөрі



Мұхтар Мағауин

- Әлемдік әдебиетке түрік рухының тынысын әкелген көрнекті қаламгер
 - Постмодернист жазушы
 - Символикасы – Қасқыр-Бөрі

Түркілер өздерінің ата-тегін
бөрі деп санаған. Көк бөрі
тотемі түркілер өмірінде үлкен
орын алып келеді. Қадірлі көк
Бөрі бейнесі барлық түркі
халықтарының ежелгі дәуір
әдебиетінен бөрі келе жатқан
образ



“

«Бөрінің орнына қасқыр келді, бірақ шын мәнінде екеуі бір-ақ аң: бөрі деген қасқыр, қасқыр деген –бөрі.

Сырттай қарағанда, атау ғана ауысқан тәрізді болып көрінеді. Ал, шын мәнінде... бөрі өзгерді. Кейінгі қасқыр – бұрынғы бөрідей бола алмады. Ырыс, ұран болған бөрі енді қасқыр болып сорға айналды



Қасқыр -Бөрі



- ◆ Бұл әңгіме әдеби-эссе іспетті. Алайда астарлы ойы тым тереңде жатқанын байқаймыз.
- ◆ Жазушы әңгімені дәстүрлі үлгіде жазғанымен постмодернизмнің элементтерін шебер пайдаланған.
- ◆ Қорыта айтқанда бұл шығарма – ұлттық рухты көтеретін шығарма.

KAHOOT TEST



Елубайдың тұңғышының есімі кім?

9



▲ Мұрат

◆ Гүлбағира

● Кеш

■ Серік

Questions (10)

Show answers

Q1: Елубайдың тұңғышының есімі кім?



10 sec

Q2: M.Мағауиннің шығармасы



10 sec

Q3: Серік қандай адам?



10 sec

Q4: Елубай тепкенде Ақтөс қайда тығылады?



10 sec

Q5: Осы сенің аяғайынды біледі деген, - деді күнкі етіп. Қай кейіпкердің сөзі?



10 sec

Салыстырмалы талдау



Көксерек

Ақ Азу

Виннипег Қасқыр

М.Мағауиннің «Қасқыр-Бөрі» әңгімесі




THINKLINK

Көркем коммуникация



- «Мен – көркем шындық әлемі»,
- «Мен – автор»,
- «Мен - шығарма кейіпкерлері»,
- «Мен – өзім үшін»,



- ✓ Эпиграф жазу,
- ✓ Жазушының әлеуметтік-психологиялық портретін жасау

Google Document



КАСҚЫРДЫҢ МОНОТОГЫ Айлана Қайсарбекқызы

Өлеңді толықтыр

1. «Көкжал» тобына тапсырма

Мен тек мына қдсыздықты жек көрем,
Өзімнен де бұны екшегем.
Ала жібін аттамағам атазын,
Өйткені: тегім бойы. Көк бөрі ем.

Тақырыбы болмасам да жыр-әнің,
Өр ... бінкіле тенесе алмас мұраң мың.
Бөрі басын дәріп еткен бағалап,
Мен бұлт ұрпағымда ұраным.
Ал шын өзірде жок ертегі,
Жарнамасы ол сұр азыланың.
Ауы мен арыстаны бастаған
Маған дұрыс бағасы жок бір аның.
Өйткені мен шексіз атырап.
Несімін қиялы даланың

Google Document 1


Ағуаш Тлеубалды

Осы өмірдің мағынасы неде? Үзіндің оқи сала, дәл осындай ойға бөлекпдм. Әрине, өмірдің мәні мен сені байлықта да, қайратта да, дақта да емес. Ал онда неде? Жасап жатқан әрекеттеріміздің де барлығы бұрыс, сонда дұрысы қайда? Шалдың әрекетіне де мән болды. Сонда құрдамыз кетіп жатқан ұтты құтқарудың шешімі, халыққа бір шындықты айтып, көзін ашуда ма? Бірақ онда сен кім тыңдайсы? Атқиса қарсы жүзу дұрыс шешім ба?

Ақерке Балталы

Бұл үзіндіден Оралхан Бөкейлін Ағуаш Кере шығармасындағы негізгі ойын көруге болады. Қайіргі заманның мәселелерін Таған кейіпкері арқылы көрсетті. Әр алымның інінде болатын ішкі күресті көрсетіп тұр. Оқып жаталп ойға әртүрлі сұрақтар келеді. Мысалы: мен не үшін өмір сүрем? Мен жақсы адаммын ба? Қанак баласы үшін ұлттың және ұрпақтың маңызы көп екенін көруге болады. Осы жолдарда ашық көрсетілген "Бәкім, ұрпақ үшін, ұлт үшін... Бірақ сол ұлтқа мен секілді «алжаш», жоқ болмаса Ерік секілді топас та тоғышар ұрпақ керек пе? НЕГЕ БІЗ ОСЫ ұрпақтың рухы мықты, дені сау, дүлдескер де күрескер, ала тілін ғашығынан да артық ардақтайтын асыл тектілігі үшін, ірілікті әрекеттер үшін тәрбиеленейміз?" Соған қарамастан, талдай келе Таған өз сұрағына шешім таппай тұр.

Google Document 2

A top-down photograph of a spiral-bound notebook with a black metal spiral binding, lying on a light-colored wooden surface. A black pen is positioned diagonally above the notebook. In the top-left corner, a small green plant with long, thin leaves is visible. The entire scene is framed by a white border.

Назарларыңызға рақмет!